

	<b>ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ          БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ          «Қ. И. СӘТБАЕВ АТЫНДАҒЫ          ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ТЕХНИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУ УНИВЕРСИТЕТІ»          КОММЕРЦИЯЛЫҚ ЕМЕС АКЦИОНЕРЛІК ҚОҒАМЫ</b>	
3- деңгейде СМЖ құжаты	2016 жылғы «08» шілде №2 басылым	Е 029-04.14.2.70.011-2016

**«Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық  
 зерттеу университетінің Үздік өнертапқышы» конкурсы туралы**

**Е Р Е Ж Е**

**Е 029-04.14.2.70.11 - 2016**

**АЛҒЫ СӨЗ**

1 «Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамы Ғылым департаментінде **ӘЗІРЛЕНДІ**

Ғылым

департаментінің директоры

« 27 » 06 2016 ж.

Г. Жүнісова

**2 КЕЛІСІЛДІ:**

Ғылым жөніндегі проректор

« 4 » 07 2016 ж.



М.Орынханов

Қаржы және есеп

департаментінің директоры

« 1 » 07 2016 ж.

К. Жумабаева

Корпоративтік даму

департаментінің директоры

« 30 » 06 2016 ж.

Ж. Файзуллаева

Мониторинг және білім сапасын  
бағалау басқармасының бастығы

« 29 » 06 2016 ж.

А. Сауранбаева

Заң және құжаттамалық

қамтамасыз ету бөлімінің бастығы

« 28 » 06 2016 ж.

Б.Туткина

Мемлекеттік тілді дамыту бөлімі

3 Ректордың 2016 жылғы « 08 » 07 № 254 бұйрығымен **БЕКІТІЛДІ**

4 2015 жылғы 18 қыркүйегіндегі № 1 басылымның орнына **ЕНГІЗІЛДІ**

## МАЗМҰНЫ

1 Негізгі ережелер	4
2 Нормативтік сілтемелер	4
2 Конкурс ұйымдастырушылар мен қатысушылар	5
3 Конкурсты ұйымдастыру барысында негізгі шаралар	5
4 Конкурс өткізу мен қорытынды шығару рету	6
5 Конкурс нәтижесін жүргізу тәртібі	6
Қосымша	8
Қосымша	9
Өзгерістерді енгізу парағы	10

## 1 Жалпы ережелер

1.1 Бұл Ереже Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінде (ары қарай – ҚазҰТЗУ) жыл сайын жүргізілетін “ҚазҰТЗУ Үздік өнертапқышы” конкурсын (ары қарай – Конкурс) ұйымдастыру мен өткізу тәртібін анықтайды.

1.2 ҚазҰТЗУ-да Конкурс өткізудің негізгі мақсаты университет қызметкерлерін университет пен Қазақстан Республикасының ғылыми-инновациялық іс-әрекетін дамытуға маңызды үлес қосатын әзірлемелер жасауға құруына ынталандыру болып табылады.

## 2 Нормативтік сілтемелер

2.1 ҚазҰТЗУ Конкурс өткізу барысында:

2.1.1 Осы ереже келесі Қазақстан Республикасының заңдары мен нормативтік құжаттарға сәйкес жасалды:

– Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 ақпандағы № 407-IV «Ғылым туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім беру туралы» Заңы, 2016 жылдың 9-шы наурызына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазанындағы №381-V «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызметтер нәтижесін коммерциялау туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 09 қаңтардағы №534-IV «Мемлекеттік индустрия-инновациялық қызметін қолдау туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы қыркүйегіне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 09 қарашадағы №603-II «Техникалық реттеу туралы» Заңы, 2014 жылдың 29-шы желтоқсанына дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 16 шілдедегі №427 «Қазақстан Республикасының Патентті заңы», 2015 жылдың 07-ші сәуіріне дейінгі толықтырулар мен өзгертулермен;

– Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 07 сәуірдегі №300-V «Интеллектуалды меншік мәселелері жөніндегі кейбір заң актілеріне өзгерістер мен толықтыруларды енгізу туралы» Заңы;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2014 жылғы 15 желтоқсандағы №520 Министрдің бұйрығымен бекітілген 2014-2018 жылдарға арналған Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Стратегиялық жоспары;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2014 жылғы 01 тамыздағы №874 «2015-2019 жылдарға Қазақстан Республикасының индустриалды-инновациялық дамытудың мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы, ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген 2016 жылдың 6-шы маусымындағы №315 бұйрығына толықтырулар мен өзгертулер енгізумен;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2013 жылғы 04 маусымындағы №579 «2020 жылдарға Қазақстан Республикасының инновациялық дамытудың Концепциясын бекіту туралы» Жарлығы;

– Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 07 желтоқсанындағы №1118 «2011-2020 жылдарға Қазақстан Республикасының білімді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасын бекіту туралы» Жарлығы,

– ГОСО ҚР 5.03.011 – 2006 «Қазақстан Республикасының білім беру жүйесі. Жоғары оқу орындарындағы ғылыми-зерттеу жұмысы»;

– МЕСТ 7.32 – 2001. Ғылыми-зерттеу жұмыстары жөніндегі есеп берулер;

– ҚР СТ МЕСТ Р 15.011-2005. Патентті зерттеулер туралы есеп берулер;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қазанындағы №602 бұйрығымен бекітілген «Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғамының Жарғысы;

– Қ.И.Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің Даму Стратегиясы-2020, Университеттің Ғылыми кеңесінің 2012 жылғы 28 қаңтардағы № 7 хаттамасымен бекітілді;

– Университет ректорының, жетекшілік ететін проректордың бұйрықтары мен өкімдерімен және осы Ереженің талаптарымен жетекшілік етеді.

2.2 Осы Ережеде келесі нормативті құжаттардың талаптары сақталған:

– КЕАҚ «Қ.И.Сәтбаев атындағы ҚазҰТЗУ» сапа бойынша нұсқаулығы;

– ҚР СТ ИСО 9001:2008. Сапа менеджменті жүйесі. Талаптар;

– ҚР СТ 1157-2002 «Жоғары кәсіпті білім. Білім беруді ұйымдастыруда сапа менеджменті жүйесі»;

– Салалық стандарттар ҚР СТ 1157-2002 «Жоғары кәсіпті білім. Білім беруді ұйымдастыруда сапа менеджменті жүйесі»;

– КЕАҚ СТ 38944979-07-2015. Университеттің нормативтік құжаттары. Жасау, келісу, бекіту, тіркеу және жаңарту реті.

### **3 Конкурсты ұйымдастыру барысында негізгі шаралар**

3.1 Конкурсты ұйымдастыру ҚазҰТЗУ ғылым департаменті;

3.2 Конкурсқа университет атына патент алған пайдалы модель және өнертапқыш авторы болатын барлық қызметкерлер, докторанттар, магистранттар, студенттер қатыса алады.

3.3 Конкурсты өткізу үшін проректордың ұсынысы бойынша ректордың бұйрығымен комиссия құрылады.

Комиссия құрамы:

- комиссия төрағасы – ғылым жұмыс жөніндегі проректор;
- комиссия хатшысы – ғылым департаменті директорының орынбасары;
- институттың белсенді өнертапқыштары;
- патенттік қызмет өкілдері.

3.4 Конкурстық комиссияның шешімін ФТК бекітеді.

#### **4 Конкурс өткізу мен қорытынды шығару тәртібі**

4.1 ҚазҰТЗУ Ғылым департаменті келесі іс-шараларды өткізеді.

- өтінімдер мен конкурс материалдарын жинайды;
- конкурс құжаттарын дайындау мен толтыру сұрақтары бойынша Конкурс қатысушыларына кеңес береді;
- конкурс материалдарын сараптамадан өткізеді және материалдарды конкурс комиссиясына тапсырады.

4.2 Конкурстық комиссия конкурс қорытындыларын шығарады және қорытындыны бекіту мен Конкурс жеңімпазына сыйлықақы төлеу үшін университет ФТК-ға ұсыныс береді;

#### **5 Конкурс нәтижесін жүргізу тәртібі**

5.1 Конкурс жыл сайын, күнтізбелік жылдың 1 тоқсан аралығында өткізіледі.

5.2 ҚазҰТЗУ Ғылым департаменті конкурс өткізудің белгіленген мерзімінен 1 ай бұрын конкурс материалдарын қабылдауды тоқтатады.

5.3 Конкурсқа қатысу үшін қатысушы келесі құжаттарды

- конкурсқа қатысу жөнінде белгіленген үлгіде толтырылған өтінім (1Қосымша);
- өнертабыстар мен пайдалы модельдер жөнінде ақпарат (2Қосымша);
- 2 Қосымшада көрсетілген ақпараттарды растайтын патенттер мен өзге құжаттар көшірмелері.

5.4 Қорытындыны келесі ретпен шығарады:

1) Конкурс қатысушыларының конкурстық материалдары келесі белгілері бойынша балмен бағаланады:

- мемлекеттік бюджет қаражатынан немесе бюджеттен тыс қаражаттан қаржыландырылатын келісім шарттарды орындау нәтижесінде құрылған әрбір өнертабыс/пайдалы модель үшін – сәйкесінше 100/50 балл;
- өзіндік бастама ретінде құрылған, ал патенттеу құқығы университетке тегін берілген әрбір өнертабыс/пайдалы модель үшін - сәйкесінше 120/60 балл;
- патент иесі университет ююлып табылатын, дербес автормен құрылған әрбір өнертабыс/пайдалы модель үшін - сәйкесінше 120/60 балл.

- егер авторлар құрамына студенттер және/немесе магистранттар кіретін болса, әрбір өнертабыс/пайдалы модель патенттеріне қосымша - 30/20 балл сәйкесінше;

- шетелде алынған әрбір өнертабыс/пайдалы модель патенттеріне – сәйкесінше 180/90 балл;

- лицензиялық келісім шарт немесе шегіну келісім шарттары бойынша пайдалану құқығы ақылы берілген әрбір өнертабыс/пайдалы модель үшін - сәйкесінше 200/100 балл;

2) жеңімпаздар жиналған жоғары балл бойынша, ерекше жағдайларда Қазақстан Республикасы мен халықаралық одақтың ғылыми-инновациялық қызметіне қосқан үлесінің маңыздылығы бойынша анықталады.

5.4 конкурс жеңімпаздары дипломдармен және ақшалай сыйақыларымен марапатталады.

- 1 орын - 50 МРП;

- 2 орын – 40 МРП;

- 3 орын - 30 МРП

5.5 Конкурс барысы мен оның нәтижелерін Конкурс ұйымдастырушылары ҚазҰТЗУ ресми сайтында, “Рас” газетінде жариялайды.

Қосымша 1

**«ҚазҰТЗУ Үздік Өнертапқышы» конкурсына қатысу Өтінімі**

1. Мен, \_\_\_\_\_  
(конкурсқа қатысушының Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (лауазымы, байланыс телефоны, факс, E-mail)

\_\_\_\_\_ (Конкурсқа қатысушының тұрғылықты орны (мекен-жайы))

берілген өтінімді қажетті құжаттармен (Қосымшалар) бірге 20 \_\_ жылы «ҚазҰТЗУ Үздік Өнертапқышы» конкурсына жіберемін.

Берілген ақпараттың растығына кепілдік беремін.

Конкурс қатысушысы \_\_\_\_\_ / \_\_\_\_\_ /  
(қолы) (Т.А.Ә.)

\_\_\_\_\_ (өтінім беру күні)



Қосымша 2

**20\_\_ – 20\_\_ жылдары алынған университет патенттерінің қызметтік өнертабыстары мен пайдалы модельдері жөнінде ақпарат**

№ п/п	өнертабыс, пайдалы модель атауы	Патент беру нөмері мен күні	Патент берген мемлекет	бюджеттен тыс/мембюджет /дербес қаражат	Бірлескен авторлар - бакалаврлар және/немесе магистранттар	Лицензиялық келісім шарт нөмері мен күні/ Лицензиат
1	2	3	4	5	6	7

Берілген ақпараттың растығына кепілдік беремін.

Конкурс қатысушысы

\_\_\_\_\_  
(қолы)\_\_\_\_\_  
(қолы) (Т.А.Ә.)

**Өзгерістерді енгізу парағы**

Өзгерістің реттік нөмірі	Құжаттың бөлімі мен тармақтары	Өзгерістің түрі (өзгерту, қосу, жою)	Хабарламаның күні, нөмірі	Өзгеріс енгізілді	
				Күні	Тегі, аты-жөні, лауазымы, қолы